

Балама өсиет

*Еңкейгенге еңкейгін – атаңан қалған құл емес,
Шалқайғанға шалқайғын – ханнан туған ұл емес!
Халық мақалы*

*Қазақтың арасында – саған қарап тегіңді сынаиды,
Сенің абыройың – еліңнің абыройы!
Шетелде жүрсөң – саған қарап қазақты сынаиды,
Сенің абыройың – қазақтың абыройы!*

Б. Қыдырбекұлы

Наның болса қолында – бір күнге жетер ауқатың,
Су тартуға құдықтан жетіп тұрса қауқарың,
Көргенсізге бағынба, парақорға бас име,
Жер қылма ар-намысты – рухани асыл гаухарың.

Тексіздерге бас иіп, көргенсізге бағынып,
Жерге таптап намысты, ит пен құсқа жағынып,
Жағымпаздық күн көріс жараспайды ерлерге –
Бас имей жүр бастыққа, құдайға ғана табынып!

2009 ж.